

## Алаш асылдарын жырлаған ақын



Тарихи дамудың әр кезінде сол уақыттың талап, мақсатына лайықты, ата-баба істеріне адал, халқына қалтқысыз қызмет еткен, қызмет етіп жүрген нұралық азаматтардың аты - жөнін көрсетіп, олардың үлгілі өмір жолын насихаттау мақсатында орталық кітапхананың оқу залында ұлағатты ұстаз, ақиық ақын Мах-

мет Темірұлының 90 жылдығына арналған «Алаш асылдарын жырлаған» атты портреттік кеші өткізілді. Кешті кітапхана қызметкерлері және Киевка №2 мектебінің ұстазы Темірбекова Рахима Қабенқызы, сол мектептің жоғары сынып оқушылары ұйымдастырды.

Кешті оқырмандарға қызмет көрсету секторының меңгерушісі С. А. Мұстафина және «Жасөспірімдер» тобының кітапханашысы А. Жапарова жүргізді. Жүргізушілер алдымен ақынның өмірбаянына қысқаша тоқталды, содан кейін М. Темірұлының шығармашылығындағы Алаш қайраткерлеріне арналған шығармаларына көңіл бөлінді.

Киевка № 2 орта мектебінің оқушылары: А. Шалдыбаева, Д. Дюсенова, А. Сабыр, А. Қалиева, А. Құсайынова ақынның Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, өзіміздің жерлестеріміз Абдолла Асылбеков, Бүркіт Ысқақов, Сәйдіп Талжанов, Кәрім Мыңбаев, т. б. арнап жазған өлеңдерін оқыды. Сондай-ақ, көрермендер тақырыпқа байланысты викторинаға қатысып, «Алаш асылдарын жырлаған» атты слайдталған көріністі тамашалады.

Махмет Темірұлы 1923 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданы Амантау ауылында дүниеге келген. 1930-1931 жылы 5 жасында байларды тәркілей бастаған кезде әкесі Балықшы өңіріне көшіп келеді. Махмет Темірұлы осы шағын ауылда 1935 жылы 3 жылдық бастауыш мектебін бітіреді. Содан соң қазіргі Кертінді ауылындағы Қазақ орта мектебінде оқиды. Оны 1940 жылы бітіріп, Қарағандыдағы екі жылдық оқытушылар институтына «Қазақ тілі және әдебиеті» факультетіне түседі.

Осы институтта оқып жүрген кезінде ол «халық жаулары» атанған алашордашылар: Ахмет, Мағжан, Сәкен, Бейімбет, Илиястың, т. б. кітаптарын оқып, олар жайында түсінік алып, не үшін күрескендерін біліп рухтанды. Алдағы уақытта сол Алаш азаматтарының жолын қуып, туған елінің азаттығы, бостандығы үшін күресуге бел буады.

Қырқыншы жылдардың орта шеңінде бір топ жастар "ЕСЕП" - елін сүйген ерлер партиясын ұйымдастырады. Соның ішінде ақын, жерлесіміз Бүркіт Ысқақов пен Мах-

мет Темірұлы да болды. "ЕСЕП" ұйымының арманы - қазақ елінің басқалармен терезесі тең, адамдарының бақытты болуы еді.

1947 жылы М. Темірұлы Алматыда республикалық Шет тілдері институтына түседі. Осы институттың соңғы курсында оқып жүрген кезінде 1950 жылдың желтоқсанында «Правда» газетінде Шойынбаев, Айдарова және Якуниндердің «Қазақстан тарихы мәселелерін маркстік-лениндік тұрғыдан баяндайық» деген мақаласы жарияланады. Мақалада Ермұқан Бекмахановтың «XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» деген кітабы қатты сыналған. Онда Кенесары қозғалысы феодалдық-монархиялық ұлтшылдықтың көрінісі болды, оның ешқандай бұқаралық сипаты болған жоқ деп тұжырымдалған. Кітаптың авторын барып тұрған ұлтшыл, ескішіл хандық дәуірді көксеген «саяси сенімсіз адам» деп сипаттайды.

Бұл мақаланы оқыған Махмет: «Қазақстанның келешегі зор, жас ғалымдарының бірі Е. Бекмахановқа күйе жағу не деген сұмдық, өскенін өшіргісі келіп тұратын күншілдікті бұл қазақ қашан қояды? Бүкіл қазақ даласын қызғыштай қорып, шыбын жанын шүберекке түйген, патша үкіметінің басқыншы жандеттерін туған жерден қуып, еліме еркіндік әперсем деп жанталасқан Кенесарыны қаралау деген не масқара?!» деп ызаға булығып, ашына айыптаған болатын.

Міне, осындай үгіті мен өткір пікірі үшін ол, ақын, ғалым жерлесіміз Бүркіт Ысқақов, Рамазан, Айтбай Нарешевтермен бірге 1951 жылдың 14-15 маусымында Қазақ республикасының Жоғарғы соты РСФСР қылмысты істер кодексінің 11-тармағымен 25 жылға сотталып, қосымша 5 жылға азаматтық құқығынан айрылады.

Осы бір әділетсіздік жайында ақын кинала отырып былай деп жазып еді: «... Қапасқа іші суық ызғар тартқан, Кіргізді итермелеп теуіп арттан. Қайғының қара бұлты басқа түсіп, Басталды азап жолы жанға батқан. Мұны істеткен қатыгез тағдыр ма екен, Шындыққа қуалаумен қашан жетем? Жазықсыз абақтыда қамалу өкінішті-ақ Бұдан артық қиянат болар ма екен?»


Өзіне кесілген әділетсіз жазаны ол Сібірде өткерді, ауыр жұмыстар атқарды. Сібірдің сықырлаған сары аязында, адам төзгісіз жұмыстан талай азамат құрбан болды. Бас еркінен айырылған бейбақтардың тағдырын ақын былай суреттейді:

«Қалың орман тоғайда,  
Босқа өліп кімдер қалмады?!  
Аштық пен аяз оңай ма?  
Талайды жұтып жалмады...»

Осындай қияметті басынан кешіріп, алты жыл азап шегіп, 1956 жылы М. Темірұлы аман-есен елге оралды. Алматыда оқуын жалғастырады. Еліне аман-есен оралған соң, еңбек жолын Захаровқа қазіргі Ақмешіт ауылында бастады. Сол кездері Мәмбетова Марашпен отау құрып, он бала сүйді. 1958 жылдан 1984 жылға дейін, зейнеткерлікке шыққанша Нұра ауданының Көбетей ауылындағы орта мектепте неміс тілінен дәріс берді. Ұлағатты ұстаздың оқытқан қаншама оқушылары қазір әр

түрлі салаларда жемісті қызмет атқарып жүр, ал ұстаздық кәсібімен айналысып жүрген азаматтар да баршылық. Бұл да болса ұлағатты ұстаздың еңбегінің мәуелі жемісі.

Махмет Темірұлының шығармашылық еңбегі 1987 жылы басталды. Кеш бастаған себебі - ол аңдуда болды. Кейін де әбден ақталып қолына қалам алып, жазуға отырған Махмет Темірұлы ештеңеден құр қалмады. Оның жүрегін толқытқан ойлары, аңыз-толғау, мысалдары, поэмалар мен дастандары аудандық, облыстық газеттерде, Қазақстан жазушыларының әдеби-көркем, қоғамдық саяси, аймақтық «Сарыарқа» журналдарында жарияланды. 1996, 1998, 2000 жылдары үш бірдей кітабы: «Қилы кезеңдер» дастандар мен поэмалар, «Арман мен азап» естелігі және «Қуан қазақ, азаттық алғаныңа» өлеңдер жинағы, 2013 жылы "Азаттықты аңсап, азап шеккендер" кітабы жарыққа шықты.



Жалпы ақынның көп еңбегі сол азапты жылдарға арналған. Сонымен бірге халық тағдыры да, ақынның поэзиясынан берік орын алған. Әсіресе, 1932 жылғы ашаршылық, халық басына түскен нәубет ақынды қатты толғандырды. Қазақ еліндегі бұл қасірет мешін жылы болған еді. Осы бір тарихта қалған күйзеліске ол «Мешкей мешін» деген поэмасын арнады.

Ақын поэзиясының әлемі әр түрлі тақырыптарды қозғайды, оларға мән беріп, өзінің ой-пікірін қосады. Мысалы, «Аққуды атқан - азалы» поэмасында Махмет Темірұлы шынайы махаббат пен достықты жырласа, «Жандар батыр» деген дастанында халық жанашыры Жандар ертедегі эпостардың бас кейіпкерлері тәрізді өзінің батылдық қасиетімен бейнеленіп, қалың жұрттың құрметіне бөленген. Сонымен бірге «Аққуды атпас болар», «Тілеймін бақыт халқыма», «Кенесханның қайғысы» деген көлемді толғауларымен жұртшылық кеңінен таныс.

2006 жылы Махмет Темірұлы Қазақстан Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданды. Оның есімі Қарағанды облысының жұртшылығына жас ұрпақ тәрбиешісі, ұстаз, ал жалпы тәуелсіз Қазақстан Республикасының жыр сүйер қауымына дарынды ақын ретінде танымал болып қалмақ.

Г. Қ. Алибекова,  
«Шабыт» әдеби өмір клубының мүшесі